**Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 тамыздағы № 430 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 тамызда № 11900 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

2 "Қаржылық қызмет" функционалдық кіші тобында:

217 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 036 және 104 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"036 Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту

104 Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес";

03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" функционалдық тобында:

9 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер" функционалдық кіші тобында:

221 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 010 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"010 Халыққа "жалғыз терезе" принципі бойынша қызмет көрсету";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

243 "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі" бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі бойынша:

135 "Ақмола облысының облыстық бюджетіне Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекен пунктерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй салуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"135 Ақмола облысының облыстық бюджетіне Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекендерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері";

156 "Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар) жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"156 Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері";

271 "Облыстың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

062 "Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекен пунктерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй салуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"062 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекендерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері";

279 "Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы " бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

047 "Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар) жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"047 Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері";

458 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

054 "Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар) жарғылық капиталын ұлғайту" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"054 Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайту";

467 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

062 "Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекен пунктерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй салуға" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"062 Ақмола облысының Калачи және Красногорский елді мекендерінің тұрғындарын көшіру үшін тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері";

478 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

054 "Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар) жарғылық капиталын ұлғайту" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"054 Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайту";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

1 "Ауыл шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

364 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы", 375 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы басқармасы", 389 "Алматы қаласының кәсіпкерлік, индустриялық-инновациялық даму және ауыл шаруашылығы басқармасы", 460 " Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі", 462 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі", 473 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі", 474 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі", 475 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік,

ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі", 477 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі", 498 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімі" және 800 " Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария және ветеринариялық бақылау бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшілер бойынша:

мынадай мазмұндағы 047 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"047 Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу" ;

5 "Қоршаған ортаны қорғау" функционалдық кіші тобында:

241 "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

004 "Сыртқы қарыздар есебінен" және "017 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен" бюджеттік кіші бағдарламалары бар 152 "Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 012 және 018 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 155 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"155 Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде техникалық көмек іс-шараларын іске асыру

012 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатынан грантты бірлесіп қаржыландыру есебінен

018 Грант есебінен";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

3 "Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау" функционалдық кіші тобында:

265 "Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 020 "Аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге кредиттер беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"069 Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

266 "Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 015 "Аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге кредиттер беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"069 Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

275 "Облыстың кәсіпкерлік басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 020 "Аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге кредиттер беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"069 Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

278 "Облыстың кәсіпкерлік және сауда басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 010 "Аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге кредиттер беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"069 Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

289 "Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 020 "Аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге кредиттер беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"069 Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

454 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 012 "Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

461 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, қаржы және кәсіпкерлік бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 030 "Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

469 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 008 "Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

475 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 016 "Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

476 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 010 "Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

482 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және туризм бөлімі", 493 "Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі" және 494 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшілер бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 008 "Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

701 "Облыстың кәсіпкерлік, сауда және туризм басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 010 "Аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге кредиттер беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"069 Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

723 "Облыстың кәсіпкерлік, индустриялды-инновациялық даму және туризм басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

013 "Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 015 "Аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге кредиттер беру" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 069 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"069 Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Басқалар" функционалдық кіші тобында:

265 "Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" және 275 "Облыстың кәсіпкерлік басқармасы" бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері бойынша:

011 "Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен" және 015 " Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламалары бар 038 " Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда ағымдағы іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 067 және 068 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"067 Моноқалаларда жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

068 Моноқалаларда жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

278 "Облыстың кәсіпкерлік және сауда басқармасы" бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 067 және 068 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"067 Моноқалаларда жобаларды іске асыру үшін банктердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

068 Моноқалаларда жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

289 "Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

011 "Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен" және 015 " Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламасы бар 038 " Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне моноқалаларда ағымдағы іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 067 және 068 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"067 Моноқалаларда жобаларды іске асыру үшін банктердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

068 Моноқалаларда жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

461 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, қаржы және кәсіпкерлік бөлімі" бюджеттік бағдарламалары әкімшісі бойынша 011 "Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламалары бар 034 "Моноқалаларда жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау" және 035 "Моноқалаларда жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру" бюджеттік бағдарламалары алып тасталсын;

475 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" және 476 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі" бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері бойынша 011 "Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен" және 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" бюджеттік кіші бағдарламалары бар 033 "Моноқалаларда жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау" және 034 "Моноқалаларда жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру" бюджеттік бағдарламалары алып тасталсын;

701 "Облыстың кәсіпкерлік, сауда және туризм басқармасы" бюджеттік бағдарламалары әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 067 және 068 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"067 Моноқалаларда жобаларды іске асыру үшін банктердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

068 Моноқалаларда жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

723 "Облыстың кәсіпкерлік, индустриялды-инновациялық даму және туризм басқармасы" бюджеттік бағдарламалары әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 067 және 068 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"067 Моноқалаларда жобаларды іске асыру үшін банктердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

068 Моноқалаларда жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2) "Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9760 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 15 қазанда):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесінде:

"Салықтық түсімдер" 1-санатында:

05 "Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар" сыныбында:

"Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер" 3-кіші сыныбында:

"

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер | 1 | 05 | 3 | 19 | 100 | | | |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер | 1 | 05 | 3 | 19 | 100 | | | |

";

"Салықтық түсімдер" 1-санатында:

"Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар" 06 сыныбында:

"Кеден төлемдері" 1-кіші сыныбында:

"

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ресей Федерацисынан түскен кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің өндіріп алынған сомалары | 1 | 06 | 1 | 14 | 100 | | | |

"

деген жол мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ресей Федерациясынан түсетін кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің өндіріп алынған сомалар | 1 | 06 | 1 | 14 | 100 | | | |

";

"Салықтық емес түсімдер" 2-санатында:

"Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер" 01 сыныбында:

"Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар" 7-кіші сыныбында:

"

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қаржы агенттіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 2 | 01 | 7 | 16 | 100 | | | |

"

деген жол мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қаржы агенттіктеріне ішкі көздер есебінен жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 2 | 01 | 7 | 16 | 100 | |

";

"Салықтық емес түсімдер" 2-санатында:

"Басқа да салықтық емес түсімдер" 06 сыныбында:

"Басқа да салықтық емес түсімдер" 1-кіші сыныбында:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер | 2 | 06 | 1 | 08 | Республикалық бюджетке түсетін қайырымдылық түсімдер (қайырымдылық жасаушы тұлғаның ықыласына байланысты); республикалық бюджеттің қаражаттарын мақсатсыз пайдалану; органдарының тексеру актілері бойынша республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерде анықталған өтелген зиян сомалары; мемлекеттік мекемелерде анықталған өтелген зиян сомалары; мемлекеттік кепілдік бергені үшін төлем; 28 қыркүйектегі 1995 жылғы № 2464 "Қазақстан Рсепубликасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес енгізілген депутаттыққа кандидаттың сайлау жарнасы; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер бойынша соттар шешімдерімен мемлекеттің материалдық зиянын өтеуге жауаптылардан алынған сомалар; бұрындары республикалық бюджетке түскен салықтық емес түсімдердің жойылған түрлері бойынша түсімдер; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің шоттарын жабу кезіндегі қаражат қалдықтары; осы сомалар ағымдағы есепшотында сақталған мемлекеттік мекеменің өкімі бойынша сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін талап етілмеген депозиттік сомалар; заңды және жеке тұлғалардың республикалық бюджеттен заңсыз алынған қаражатты қайтаруы. | |

"

мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер | 2 | 06 | 1 | 08 | Республикалық бюджетке түсетін қайырымдылық түсімдер (қайырымдылық жасаушы тұлғаның қалауына байланысты); республикалық бюджеттің қаражаттарын мақсатсыз пайдалану; органдарының тексеру актілері бойынша республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерде анықталған өтелген зиян сомалары; мемлекеттік мекемелерде анықталған өтелген зиян сомалары; мемлекеттік кепілдік бергені үшін төлемақы; "Қазақстан Рсепубликасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес енгізілген депутаттыққа кандидаттың сайлау жарнасы; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер бойынша соттар шешімдерімен мемлекеттің материалдық зиянын өтеуге жауаптылардан алынған сомалар; бұрындары республикалық бюджетке түскен салықтық емес түсімдердің жойылған түрлері бойынша түсімдер; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің шоттарын жабу кезіндегі қаражат қалдықтары; осы сомалар ағымдағы есепшотында сақталған мемлекеттік мекеменің өкімі бойынша сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін талап етілмеген депозиттік сомалар; заңды және жеке тұлғалардың республикалық бюджеттен заңсыз алынған қаражатты қайтаруы. | |

";

3) "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары" туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы

№ 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 ақпанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында:

4-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік өтінім:

бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер;

стратегиялық жоспар жобасының және (немесе) стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобасының;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларының;

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 тіркелген Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының (бұдан әрі - Бірыңғай бюджеттік сыныптама);

өткен жоспарлы кезең бюджеттік өтінімінің;

есепті қаржы жылындағы стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есептің;

заттай нормалардың негізінде жасалады.

Бюджеттік өтінім бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер шегінде жасалады.";

7-тармақты мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік өтінім мыналарды:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулерді;

2) байланысты гранттар сомасын жұмсалу бағыттары бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпаратты;

3) ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпаратты;

4) мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының болжамын;

5) ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық жобалар мониторингінің қорытындылары жөніндегі есепті;

6) түсіндірме жазбаны;

7) бюджеттік бағдарламалардың жиынтық тізбесін және базалық шығыстар мен жаңа бастамалар шығыстардың қамтитын ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстардың жиынтық кестесін;

8) орталық мемлекеттік органдардың, оның ведомстволарының, аумақтық органдарының, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің, оның ішінде орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының және олардың аумақтық органдарының ағымдағы жылға бекітілген штат кестесін және жоспарлы кезеңге арналған штат кестесінің жобасын; тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олар өзгерген жағдайда оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат кестесін;

9) республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер бөлінген жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісілген нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жобаларын, қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті;

10) облыстық бюджеттен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері, оның ішінде облыстық бюджеттерге бөлінетін және одан әрі ауданның бюджеттеріне бөлуге жататын республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері бөлінген жағдайда, ауданның жергілікті атқарушы органдарымен келісілген нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдердің жобаларын;

11) егер бюджеттік бағдарламалар әкімшісі нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынған жағдайда қосымша шығыстарды немесе бюджет түсімдерін қысқартуды талап ететін тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасын;

12) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң жобаларын әзірлеу орындылығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмысының перспективалық жоспарына сәйкес болуы туралы қорытындыны;

13) тиісті сараптамалардың қорытындылары бар инвестициялық ұсыныстарды;

